

Білім берудің мәселелері мен келешегі Проблемы и перспективы образования Problems and prospects of education

FTAMP 14.01.85

Г.З. ХАЛЫҚОВА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),
gulira13@gmail.com <https://doi.org/10.51889/2020-1.2077-6861.10>

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУЫН ДАМУЫҒА БАУЛУ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлау процесінде олардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту мәселелері қарастырылады. Кіріспеде Қазақстан Республикасында қабылданған нормативті құжаттардағы ұсынылып отырған зерттеудің өзектілігі талданған. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының құрылымы анықталып, оның құрамдас бөліктері ашылып көрсетілген. Педагог ғалымдарының зерттеулеріндегі «сынау» және «сын тұрғысынан ойлау» ұғымдары нақтыланып, талданған. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі моделі келтірілген. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының кезеңдері қарастырылып, әрбір кезеңде пайдалануға болатын әдіс-тәсілдер сипатталған. Педагогикалық ЖОО-дағы жүргізілген тәжірибесінің негізінде құрылған болашақ педагог мамандардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту моделі туралы баяндалған. Мамандықтың спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы енгізілгенде тиімді нәтиже беретіндігі аталып көрсетілген.

Түйін сөздер: кәсіби даярлау, болашақ педагог маман, білім беру жүйесі, сын тұрғысынан ойлау, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Әлемде қазіргі білім беруді дамытудың басты міндеттерінің бірі адамзат дамуындағы ғылыми жетістіктер мен ақпараттық технология құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың өз бетімен оқып үйрене білу іскерлігін, өзіндік шығармашылық іс-әрекет жасауға қажетті іскерліктерді қалыптастыру болып табылады. Қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғам – ақпараттық қоғам, ал ХХІ ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры. Бұл қоғам адамзат қызметінің барлық салаларында білім мен технологиялардың жаңару қарқынымен сипатталады. Ақпараттық қоғам тарапынан маманға қойылатын талап та өзгеше. Бұл күндері Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті

Н.Ә.Назарбаев оқушыларды болашақта тиімді іс-әрекет жасауға негіз болатын білімді өз бетімен іздеуге, зерттеу жүргізуге және ақпарат алмасуға даярлау міндетін қойып отыр. Бұл жөнінде Ел Басының жыл сайынғы халыққа жолдаған Жолдауларында, мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламаларында аталып көрсетілген. Ел Басы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Мектеп оқушыларын оқыту нәтижесі олардың сын тұрғысынан ойлауды меңгеруі мен ақпаратты өз бетімен іздеп, оған тере талдау жасай білу дағдыларын меңгеруі болуы тиіс» екені аталып көрсетілген [1].

Білім беру процесі тек оқушының белгілі бір білім қорын меңгеруімен ғана

шектелмейді, сонымен бірге, олардың жеке тұлғалылығының, танымдық, шығармашылық және ойлау қабілеттерінің дамуымен сипатталады. Практикада жиі кездесетін тығырықты жағдайларды мәселе ретінде тұжырымдап, жауапты шешімді өз бетімен қабылдау, оның мүмкін болатын салдарларына болжам жасау оқушының сын тұрғысынан ойлауын дамыту қажеттілігін көрсетеді. Оқушыны тұлға ретінде дамыту, сын тұрғысынан ойлауға үйрету білім мазмұны мен оқыту әдіс-тәсілдеріне өзгерістер енгізуді талап ететіні белгілі. Сонымен қатар, оқушының сын тұрғысынан ойлауын дамыту жаңартылған білім мазмұнының да алдына қойылған негізгі міндеттерінің бірі. Болашақ педагог мамандарды оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға баулу кәсіби даярлау мазмұны, әдістері мен тәсілдеріне өзгеріс енгізуді талап етеді.

Зерттеудің мақсаты. Болашақ педагог мамандарды оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға баулу, кәсіби даярлау процесіндегі оның маңыздылығын ашып көрсету.

Зерттеудің міндеттері:

– оқыту мазмұнын сын тұрғысынан ойлауға бағыттау қажеттілігінің маңыздылығын, мемлекеттік деңгейде қабылданған нормативті құжаттардағы алатын орнын ашып көрсету;

– сын тұрғысынан ойлауды дамытудың ғылыми, әдістемелік әдебиеттердегі зерделенуіне талдау жасау;

– педагог мамандарды кәсіби даярлау процесінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану тәжірибелерін талдау.

Бүгінгі күні Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың білім беру жүйесінің алдына қойып отырған негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларды білімді өз бетімен ізденіп алуға, зерттеу жүргізуге, ақпарат алмасуға, болашақта тиімді іс-әрекет жасауға үйрету. Бұл міндет білім беру жүйесіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы жүзеге асырылу үстінде. Сол себепті жаңартылған білім бағдарламасы бойынша білім беруде

жеті модульден тұратын Кэмбридж жүйесі пайдаланылуда. Аталған жеті модульді барлық деңгейдегі оқыту процесіне енгізу қарастырылған. Олар: оқытудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқу және оқыту үшін бағалау, оқытуда АКТ-ны пайдалану, дарынды және талантты оқушыларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды жүзеге асыру, оқытуды басқару және көшбасшылық. Осы бағдарламадағы жеті модульді меңгерген болашақ ұстаз жаңартылған білім мазмұнына сай білім мазмұны мен оқыту технологияларымен танысып, оны болашақта кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алады.

Жаңартылған білім мазмұнының негізгі міндеттерінің бірі – оқушыны сын тұрғысынан ойлай білуге үйрету болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру үшін бағдарламаның қалған модульдері қызмет етеді. Біздің еліміздегі білім беру жүйесінде сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік ретінде қабылданған. Себебі, оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту талантты оқушыларды тауып, олардың дарындылығын дамытуға негіз болады. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытудың әлемдік білім беру жүйесінде алатын орны бар және бұл мәселе ерекше мәнге ие.

Оқушының сын тұрғысынан ойлауы дегеніміз не және оны қалай түсінеміз? «Дәстүрлі оқыту әдістері сыни тұрғыдан ойлауды дамытпады ма?» деген сұрақтың туындайтыны да заңды. Соңғы жылдары біздің елімізде педагогика, оқыту әдістемесі салаларында жүргізілген ауқымды зерттеулердің бірі оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту мәселесіне арналады. Зерттеулер нәтижелеріне сай, сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде пайдаланылатын әдіс ретінде көрсетілген. Сын тұрғысынан ойлау оқушыларда жаңа ойдың пайда болуына, соның негізінде қандай да бір әрекет жасауына түрткі болатындығы ғылыми зерттеулерде келтірілген. Бұл мәселе

соңғы уақытта педагогтар практикасында ерекше мәнге ие болып, «сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы» деген атпен танымал болып келеді.

Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың негізгі міндеттері қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту, іздеп таба білу іскерлігі, алынған ақпаратты талдау және талқылау, объективті және жан-жақты ойлау болып табылады. Зерттеу нәтижелеріне сай, сын тұрғысынан ойлау адамның ойлауының бір түрі екенін байқауға болады. Сын тұрғысынан қарау – өз кезегінде, қандай да бір тандауы бар жағдайда әрекет ете білу және баламалы шешім қабылдау, шешімнің жалған екендігін дәлелдеп көрсету болып табылады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы қазіргі уақытта батыс елдерінде де білім беружүйесіне белсенді түрде енгізілуде. Аталған мәселені зерттеушілер американдық ғалым М.Скривен оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту қажеттілігін ерекшелік отырып, оны білім берудегі маңызды мәселе ретінде қарастырып: «сын тұрғысынан ойлау» дегеніміз – бұл оқу және жазу іскерлігімен қатар тұратын дағды деп көрсетеді [2]. Бұл бағытта зерттеу жүргізген ғалымдар сын тұрғысынан ойлауды дамыту мәселесінің жан-жақты екенін алға тартады. Аталған мәселенің мәнділігін нақтылау үшін осыған қатысты негізгі ұғымдарды (ойлау және сын тұрғысынан қарау) талдап көрейік. «Ойлау» терминіне Д.Халперн мен М.Гомарк: «ол мидың қызметі, адамдардың қоғамдық-өндірістегі іс-әрекетінде пайда болатын, сезіну, қабылдау мен болжамдардың негізінде дамиды» деген анықтама береді [3]. Л.С.Выготский: «ойлау – бұл субъектінің қажеттіліктерден мотивация алатын, мақсатқа бағытталған мәні бар өзекті іс-әрекеті» деп тұжырымдайды. Сын тұрғысынан ойлауға қатысты екінші термин «сынау (критика)» болып табылады. Адам өмірінде, білім беруде сын тұрғысынан ойлаудың қажеттілігін көрсете отырып,

Д.Дьюи: «Сынау - бұл тұжырымның ақиқатқа сәйкестілігін немесе сәйкес еместігін анықтау үшін жүргізілетін тексеру, сараптама жасау» ретінде анықтаған [4].

Философиялық сөздікте: «Сынау – бұл кателіктер мен кемшіліктерді айқындап, анықтау тәсілі» [5].

«Сынау – бұл «kritike» грек тілінен аударғанда талқылау өнері, біріншіден, баға беру мақсатында талқылау, мысалы, әдеби сын; екіншіден, ғылымдағы, өнердегі, қоғамдық өмірдегі және т.б. мәселелердің кемшіліктерін көрсету; үшіншіден, мәтіндегі, тарихи деректердегі айтылған мәселенің түпнұсқаға сәйкестілігін, дәлділігін ғылыми тұрғыдан тексеру, зерттеу [6].

Сонымен, сынау дегеніміз кемшіліктерді айқындау тәсілі ретінде анықталатынын көруге болады. Е.В.Муравьев сынауды екі бағытқа бөліп қарастырады: сынаудың бірінші бағыты танымдық тұрғыдан ақылдың сапасына тәуелді болса, екінші бағыт бойынша тұлғалық тұрғыдан, сынау – бұл жеке тұлғаның қасиеті деп көрсетеді [7].

Сын тұрғысынан ойлауды Ж.Браус пен Д. Вуд «не нәрсеге сеніп, орындауға болады деген шешімге бағытталған рефлекті ойлау, мағыналы, мәндіні іздеу...» деп анықтаса [8], Д.Халперн «сын тұрғысынан ойлау – бұл бағытталған ойлау процесі, ол қисындылығымен, мақсатты көздейтіндігімен, қалаған нәтижені алу ықтималдылығын арттыратын когнитивті дағдылар мен стратегияларды пайдаланумен ерекшеленетіндігін» [9, 10], Д.Клустер «Сын тұрғысынан ойлау – бұл шығармашылық немесе интуитивті ойлау екенін» [11] атап көрсетеді.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл қабылдаудың жоғарғы деңгейімен, өзін қоршаған ақпараттық өрісті объективті тәсілмен түсіну арқылы сипатталатын адамның интеллектуалдық іс-әрекетінің бір түрі болып есептеледі (Г.Селевко) [12].

Сын тұрғысынан ойлау – бұл догманы қабылдамайтын, өзінің өмірлік тәжірибесіне

жаңа ақпаратты енгізу жолымен дамитын, ашық түрде ойлау ретінде анықталады (С.И.Заир-Бек) [13].

Бұл зерттеулерден сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы көптеген шетел зерттеушілерінің еңбектерінен көрініс тапқанын аңғаруға болады. Сын тұрғысынан ойлау ұғымына берілген анықтамалардың әртүрлілігіне қарамастан, олардың бір-бірімен қайшылыққа келмейтінін және бірін-бірі толықтырып отыратыны байқалады.

Дж. Барелл сын тұрғысынан ойлай алатын адамдарға тән қасиеттерді ерекшеленген. Олардың ішінен: мәселені шешудегі табандылық; әртүрлі көзқарас тұрғысынан мәселені қарастыру; құбылыстар арасында жан-жақты байланыс орнату; ақпаратты белсенді түрде қабылдау; қандай да бір мәселені шешуде әртүрлі көзқарастарға төзімділікпен қарау; көптеген мағлұматтардың ішінен қажетті ақпаратты тандауды келтіруге болады [14].

Біздің елімізде оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту және қалыптастыру мәселелері бірқатар отандық зерттеушілердің еңбектерінен көрініс тапқан [15;16;17]. Р.А.Набуова мен А.М.Жұбандықова болашақ мамандардың сын тұрғысынан ойлауын дамытудың маңыздылығын талдай келе, диалогтік оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту мәселесін қарастырған [18]. Б.Т.Керімбаева және т.б. зерттеушілер білім берудегі инновациялық технологияларға сараптама жасай отырып, сын тұрғысынан ойлауды дамытуда педагогтің сын тұрғысынан ойлауының мәнділігін атап көрсетеді [19].

Біз жоғарыда қазіргі уақытта тек орта мектеп мұғалімдері ғана емес, педагогикалық жоғары оқу орындарының ұстаздары да жаңартылған білім мазмұнына сай Кэмбридж жүйесінің жеті модулін пайдалануға байланысты біліктілікті арттыру курстарынан өтіп жатқанын атап өттік. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауының қалыптасып,

дамуы алдыңғы кезекте мұғалімнің сын тұрғысынан ойлай алу қабілеті мен кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі, жаңа технологияларды ұтымды ұйымдастырып, пайдалана білуіне тәуелді. Сондықтан болашақ педагог мамандарды даярлау процесінде олардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту маңызды болып есептеледі.

«Болашақ педагог маманның сын тұрғысынан ойлауы» дегенді қалай түсінеміз? Бұл болашақ педагог маманның кәсіби міндеттерді тиімді шешуіне қажетті кәсіби пәндерді оқыту процесінде қалыптасатын арнайы іскерліктерде көрініс табатын, ойлау-бағалау іс-әрекетінің түрі. Болашақ педагог маманның сын тұрғысынан ойлауының құрылымындағы үш компонентті ерекшелуге болады: мотивациялық, когнитивті және іс-әрекеттік.

Мотивациялық компонент танымдық мотивацияның болуымен түсіндіріледі, егер мұндай мотивация болмаса адам сын тұрғысынан ойлай алмайды. Белгілі бір айғақтарға, тұжырымдар мен болжамдарға сын тұрғысынан қарап талдау үшін, ең алдымен, солсала туралы терең мағлұмат пен білім болуы керек, хабардарлылық деңгейі жоғары болуы тиіс. Мұндай пәндік білімді сын тұрғысынан ойлаудың когнитивті компоненті құрайды. Сонымен қатар, когнитивті компонентте: ақпаратты талдау, ұқсастықтарды табу, себеп-салдарлы байланыстарды табу, ақпаратты құрылымдау, әртүрлі деректер қорынан алынған ақпараттарды салыстыру сынды интеллектуалдық іскерліктер де ерекше мәнге ие. Іс-әрекеттік компонентте: өз іс-әрекетінің нәтижелерін бағалай білу, өзіндік бағалау мен өзіндік бақылауды жүзеге асыратын рефлексік іскерліктерді ерекшелуге болады. Бұл компоненттегі маңызды іскерліктердің бірі – қарым-қатынас іскерлігі. Оған: диалогты сүйемелдеу, талқылауға ат салысу, әртүрлі сұрақтар қоя білу, жолдастарының айтқан құнды пікірлерін мойындау жатады. Сонымен қатар, бұл компонентке дәлелді қорытындылар жасай білу,

болжам жасап, оны гипотеза ретінде ұсына білу, әртүрлі көзқарастарды ескеріп, бағалай білу іскерліктері тән.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау процесінде оқыту процесін талдау студенттердің іс-әрекетінде байқалатын аталған көрсеткіштер барлық уақытта тиісті деңгейде болмайтынын көрсетеді. Сондықтан болашақ педагог мамандарды даярлау процесінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту міндеті аса маңызды, әрі өзекті мәселе болып табылады. Бұл «маманның өз бетімен сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыруды қамтамасыз ететін стратегиялардың ашық жүйесі».

Американдық зерттеуші педагогтар-дың ұсынған сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының кезеңдері жеке тұлғаның когнитивті іс-әрекетінің кезеңдеріне сәйкес келеді. Бұл технология үш кезеңді қамтиды: ұсыныс тастау, ұғыну (түсіну) және рефлексия. Қазіргі уақытта аталған технология сын тұрғысынан ойлауды дамытудың негізгі әдісі болып табылады, сондықтан біздің зерттеуімізде болашақ педагог мамандардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту моделінің негізіне алынды.

Ұсыныс тастау кезеңі. Бұл кезеңнің маңызды міндеттерінің бірі өз оқуының міндетін өз бетімен тұжырымдау, оқу процесіне ішкі мотивтің қалыптасуына қажетті алғы шартты құрады. Бұл кезеңдегі екінші міндет – студенттердің белсенділігін арттыру. Өз тәжірибесін өзектілендіру мақсатында барлығы жұмысқа қатысуы тиіс. Бұл жағдайда оқытушы студенттермен жұмыс істеудің дербес және топтық түрлерін үйлестіре білуі тиіс. Ұсыныс тастау кезеңі ойдағыдай жүзеге асырылатын болса, ол келесі кезеңде жұмыс істеуге – жаңа ақпарат алуға жақсы ұмтылыс болады.

Екінші кезең – ұғыну кезеңі деп аталады. Бұл кезеңнің негізгі міндеті – студенттердің материалды түсінуін қадағалау. Егер студенттер бірінші кезеңде өзінің танымдық бағытын анықтаған болса, оқытушы

түсіндіру процесінде берілетін сұрақтар мен одан күтілетін жауаптар арасындағы сәйкестіктің болатынын басшылыққа ала алады. Бұл кезеңді жүзеге асыру барысында алдыңғы кезеңде қалыптасқан студенттердің қызығушылығы мен белсенділігін сүйемелдеп отыру және жаңа сұрақтар қоюға студенттерді ынталандыру маңызды.

Келесі кезең – рефлексия кезеңі. Рефлексті талдау жаңа материалдың мазмұнын ашуға, ары қарай оқыту жоспарын құруға бағытталады. Рефлексия кезеңінде студенттер бұрынғы өздеріндегі болжамға қатысты жаңа ақпаратты жүйелейтін болады. Аталған кезеңде дербес және топтық жұмыстарды бірлесе пайдаланған ұтымды болады. Әртүрлі жазба жұмыстарын ауызша рефлексиямен үйлестіруге болады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы болашақ педагог мамандардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту көрсеткішін жетілдіруге бағытталатындай белгілі бір әдіс-тәсілдерді пайдалануды ұсынады.

«Ұсыныс тастау – ұғыну – рефлексия» моделінің шеңберінде әртүрлі практикада тексерілген тәсілдер пайдаланылуы мүмкін. Ұсыныс тастау кезеңінде пайдаланылатын тәсілдер: жұптық және топтық миға шабуыл, «есіңе түсір, ойлан, ұсын», ассоциация, түйінді сөздер, шатасқан логикалық шынжырлар, «know, want, learn (KWL)» кестесі, денотатты граф және т.б. Ұғыну кезеңінде пайдалануға болатын тәсілдер: Insert, өзара сұрақ, өзара оқыту, аялдамамен оқу, қосарланған күнделік, түймедақ сұрақтары, мәселені шешу парағы және т.б. Рефлексия кезеңінде төмендегідей тәсілдерді пайдаланған дұрыс: жұптық миға шабуыл, түйінді сөздер, «know, want, learn (KWL)» кестесі, қосарланған күнделік, бес минуттық эссе, «Синквейн», мәселені шешу парағы, ақылдың алты қалпағы және т.б.

Зерттеу нәтижесі және оның талқылануы. Педагогикалық жоғары оқу орындарында информатикалық пәндерді оқыту тәжірибесінің негізінде және

бітіруші курс студенттері мен магистранттар арасында жүргізілген әңгімелесу мен оқытушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша болашақ мамандарды пәндік даярлау процесінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту мәселелеріне жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбейді деген тұжырымға келдік. Бұл мәселенің бірнеше себептері бар екені анықталды: ең алдымен, оқу уақытының жеткіліксіздігі болса, екінші жағынан, сын тұрғысынан ойлауды дамыту тәсілдерін оқытушылардың жеткілікті деңгейде меңгермеуі және осы бағытта арнайы оқу және әдістемелік материалдардың жеткіліксіздігі болып табылады. Зерттеу нәтижелерін негізгі ала отырып, болашақ педагог мамандардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту моделі құрылды. Модель төрт негізгі бөліктен тұрады: мақсатты, диагностикалық, әрекеттік және нәтижелі бағалау. Мақсатты компонент – қорытынды мақсат қоюды ұсынады; диагностикалық компоненттің негізгі қызметі – сын тұрғысынан ойлауды дамытудың бастапқы деңгейін айқындау; әрекеттік компонент сын тұрғысынан ойлауды дамыту процесінің кезеңдерін сипаттайды. Болашақ педагог мамандардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту моделі үш кезеңді қамтиды: бастапқы, негізгі және қорытынды.

Тәжірибелі экспериментке информатика мамандығы студенттері мен магистранттары алынды. Бастапқы кезеңде: ойлауіскерліктері мен сын тұрғысынан ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар программалауды үйретуге бағытталған пәндер мазмұнына енгізілді. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының әртүрлі тәсілдері сабақтың барлық кезеңдерін қамтып отырды. Бұл өз кезегінде студенттердің танымдық мотивациясы мен интеллектуалдық іскерліктерінің қалыптасуының алғы шарты болды. Негізгі кезеңнің мәні программалау пәндерін оқыту мазмұнына студенттердің сын тұрғысынан ойлауын дамытуға бағытталған есептерге программалар құру енгізілгенімен си-

патталады, оның негізгі мақсаты болашақ информатика мұғалімдеріне программалау технологиясы мен методологиясын меңгерту болып табылады. Қорытынды кезеңде, студенттердің сын тұрғысынан ойлау көрсеткіштерін жетілдіру жұмыстары жүзеге асырылды. Алдыңғы кезеңдерде қалыптастқан сын тұрғысынан ойлау іскерліктері студенттердің оқу-зерттеу іс-әрекеттеріне, атап айтқанда, дипломдық зерттеу жұмыстарын жазу, кәсіби педагогикалық практикадан өту кезіндегі жұмыстардың орындалуына негіз болады. Бұл кезеңде іс-әрекеттік компоненттің рефлексивті іскерліктерін жетілдіруге басымдық беріледі.

Қорытынды. Болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлау процесінде оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға баулу, үйрету бүгінгі таңда кезек күттірмейтін мәселе. Сын тұрғысынан ойлай алатын ұстаз ғана оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытатындай оқыту процесін ұйымдастыра алады. Сондықтан болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлау процесінде арнайы және кәсіби пәндерді оқыту барысында сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың әдістері мен тәсілдерін меңгерту маңызды.

Қазіргі оқу әрекетін зерттеу тәсілдерінің бірін (мысалы, Lesson Study) пайдалана отырып, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы тиімді жүзеге асырылатын пәндерді айқындау қажет. Сол мамандықтың спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын жүзеге асыру моделі енгізілгенде ғана тиімді нәтиже береді.

Жаңашылдыққа жаны құмар, жаңа идеялар мен іс-әрекеттерді практикаға енгізуді әдетке айналдырған мамандар ғана елімізді дамытудың көш басшысы бола алады. Сол себепті оқушының сын тұрғысынан ойлауын дамыту қазақстандық білім беру жүйесінің маңызды бір стратегиялық бағытына айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы/ «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», Астана қ., 2014, 17 қаңтар. (Дата обращения декабрь, 2018 г.)
- [2] Мерзлякова Т. Ю., Тип мышления? Или что такое критическое мышление ребенка? // Вопросы психологии. – 2001. – № 11. – С. 47.
- [3] Агейчева А. Г. Развитие критического мышления у детей младшего школьного возраста // Всероссийский фестиваль пед.идей «Открытый урок» 2016 2017 уч.г. <https://urok.1sept.ru/> (дата обращения 11.02.2020)
- [4] Дьюи Д., Демократия и образование. – Москва: Знание, 2000. – 16 с.
- [5] Философский словарь [Текст] / Под ред. И.Т. Фролова. – М.: Политиздат, 2007. – 590с.
- [6] Энциклопедический словарь [Электронный ресурс] // Сборник онлайн словарей//OnlineDics.ru (дата обращения 11.02.2020).
- [7] Муравьев Е. В., Критика и критическое мышление // Образование в современной школе. – 2010.– №3.– С.32.
- [8] Браус Дж. А., Вуд Д. Энвайроментальное образование в школах [Текст]: Пер.с англ.– НААЕЕ, 1994.
- [9] Халперн Д. Психология критического мышления [Текст]. – СПб.: Питер, 2000. – 512 с.
- [10] Rudd, Rick D. Defining Critical Thinking//Techniques//Vol. 82, No. 7, 2007 <https://www.questia.com/magazine/1G1-170157748/defining-critical-thinking> (дата обращение ноябрь, 2018 г.)
- [11] Кластер Д. Что такое критическое мышление? [Текст] // Перемена: Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо. – 2001. – №4. – с. 36-40.
- [12] Селевко, Г.К. Современные образовательные технологии [Текст]: учеб. пособие / Г.К. Селевко. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
- [13] Заир-Бек С.И. Развитие критического мышления через чтение и письмо: стадии и методические приемы //Директор школы. – 2005. – № 4. – С.66-72.
- [14] Технология развития критического мышления в вузе: перспективы дляшкольного образования 21 века [Текст]: Материалы конференции. – Н.Новгород: Арабеск, 2001. – 272с.
- [15] Коржумбаева А., Бекмаханов Г. Основы критического мышления. Общенациональное движение «Қазақстан – 2050», 2014. – Астана. – 208 с. (дата обращение 27 январь, 2020 г.). http://kz2050.kz/documents/page/projekt/2014/Critical%20BOOK%20Finalized_27-08-2014.pdf
- [16] Б.А.Жетписбаева, Д.Б.Ақынова. О некоторых особенностях критического мышления при обучении иностранному языку//Вестник КарГУ. 2009. <https://articlekz.com/article/4469>. (дата обращение 27 01.2020.)
- [17] Воевода Е.В. Критическое мышление как культурный феномен / Е.В. Воевода //Язык и коммуникация в контексте культуры: Сборник статей по материалам 7-й Международной научно-практической конференции, 21–22 мая 2012 года /отв. ред. С.В. Лобанов, Е.В. Воевода. – Рязань: РГУ им. С.А. Есенина, 2012. – С. 120-126.
- [18] Набуова Р.А., Жубандыкова А.М. Формирование критического мышления студентов с посредством диалогового обучения//Педагогика және психология журналы. 2017. № 3(32). – с. 153-159.
- [19] Керимбаева Б.Т., Исакова П.К., Усенбаева Ш.М. Білім беру үдерісіндегі дәстүрлер мен инновациялардың арақатынасы//Педагогика және психология журналы. 2016. № 3(28). – с.116-121.

References

- [1] Address of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the People of Kazakhstan / «Kazakhstan’s way-2050: common goal, common interests, common future», Astana, January 17, 2014.
- [2] Merzlyakova T. Type of thinking? What about critical thinking of pupils? // The psychology problems. 2001.- No 11. 47.
- [3] G. The development of critical thinking in children after school // Russian Festival of Pedagogical Ideas. – 2016. <https://urok.1sept.ru/> (reference date 11.02.2020).

- [4] Dewey D., Democracy and Education. – Moscow: Knowledge, 2000. –16 p.
- [5] Philosopher’s Slovak [Text] / Edited by I.T. Frolova. – M.: Political Print House, 2007. – 590s.
- [6] Encyclopedic Slovak [Electronic resource] // Proceeding online Slovak // OnlineDics.ru (reference date 11.02.2020).
- [7] Muravyev E. W., Criticism and Critical Thinking // Education in Contemporary School. –2010. – No 3. – p. 32.
- [8] Braus J. A., Wood D. Environmental Education in the School (Text): English Edition - NAAEE, 1994.
- [9] Halpern D. Psychology of critical thinking [Text]. – Sankt Petersburg: Peter, 2000. – p. 512.
- [10] Rudd, Rick D. Defining Critical Thinking//Techniques//Vol. 82, No. 7, 2007 <https://www.questia.com/magazine/1G1-170157748/defining-critical-thinking> (reference date 11.02.2020)
- [11] Cluster D. What are your critical criteria? [Text] // Command: Interdisciplinary Magazine about the development of the data by the size and weight. – 2001. – No. 4. – s. 36-40.
- [12] Selevko, G.K. Modern educational technology [Text]: textbook. allowance / G.K. Selevko. – M.: Public education, 1998. – 256 p.
- [13] Zaire-Bek S.I. The development of critical thinking through reading and writing: stages and methodological methods // Director of the school. 2005. – No 4. – C.66-72.
- [14] Technology of critical reading in the university: perspectives on the subject of 21 Education [Text]: Materials of the conference. – N. Novgorod: Arabesque, 2001. – 272s.
- [15] Korzhumbaeva A., Bekmakhanov G. Fundamentals of critical thinking. The national movement «Kazakhstan - 2050» – Astana, 2014. – 208 p.
- [16] B.A. Zhetpisbaeva and D. B. Akynova. On some features of critical thinking in teaching a foreign language // Bulletin of KarSU. 2009. <https://articlekz.com/article/4469> (reference date 27.01.2020)
- [17] Voivoda E.V. Critical thinking as a cultural phenomenon / E.V. Voivode // Language and Communication in the Context of Culture: Collection of articles based on the materials of the 7th International Scientific and Practical Conference, May 21– 22, 2012 / ed. ed. S.V. Lobanov, E.V. Governor. - Ryazan: Russian State University named after S.A. Yesenina, 2012. – S. 120-126.
- [18] Nabuova R.A., Zhubandykova A.M. The formation of critical thinking of students through dialogue learning // Pedagogy and psychology journals. 2017. – No 3 (32). – p. 153-159.
- [19] Kerimbayeva BT, Iskakova PK, Usenbayeva Sh.M. The relation of traditions and innovations in the educational process // Journal of Pedagogy and Psychology. 2016. – No.3 (28). – p. 116-121.

Подготовка будущих педагогов к развитию критического мышления студентов

К.З. Халикова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

(Алматы, Казахстан)

Аннотация

В статье рассматривается проблемы развития критического мышления в процессе подготовки будущих учителей. Во введении проанализирована актуальность данного исследования в нормативных документах, принятых в Республике Казахстан. Определена структура критического мышления будущих учителей и проанализированы его компоненты. Проанализированы и уточнены понятия «критика» и «критическое мышления» в исследованиях ученых педагогов. Приведена базовая модель технологии развития критического мышления. Рассмотрены этапы технологии развития критического мышления, подходы и методы, которые можно использовать на каждом этапе. Приведена модель развития критического мышления будущих учителей, созданная на основе опыта проведенных в педагогическом вузе. В статье также отмечена, что технология развития критического мышления дает эффективные результаты, если учесть специфические особенности специальности будущих педагогов.

Ключевые слова: профессиональная подготовка, будущий учитель, система образования, критическое мышление, технология развития критического мышления.

Preparation of future teachers for the development of students' critical thinking

K. Khalikova

Abai University (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

The problems of developing critical thinking in the training process of future teachers are considered in the article. In introduction the relevance of this study in the regulatory documents adopted in the Republic of Kazakhstan are analyzed.

The structure of critical thinking of future teachers is determined and its components are analyzed. The concepts of "criticism" and "critical thinking" are analyzed and refined in the studies of scientific researchers. The basic model of critical thinking development technology is given.

The development stages of the of critical thinking technology, approaches and methods are considered that can be used at each stage. A model for the development of critical thinking of future teachers is given that are created on the basis of experience that conducted in a pedagogical university. The article notes that the technology of developing critical thinking gives effective results, if take account the specific features of the specialty.

Key words: professional training, future teacher, educational system, critical thinking, technology of developing critical thinking.

Редакцияға 14.06.2019 қабылданды.

МРНТИ 14.35.07

Д.О. ИБРАЕВ¹, Л.Н. СУХОРИКОВА², Б.Н. МЫНБАЕВА¹, Е.С. ГАБДУЛЛИН³

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан),
dau-bori@mail.ru; btynbayeva@gmail.com*

²*Ярославский государственный педагогический университет им. К.Д. Ушинского (Ярославль,
Россия), suchorikovaLN@yandex.ru*

³*Павлодарский государственный педагогический университет (Павлодар, Казахстан),
ermek-ges@mail.ru; <https://doi.org/10.51889/2020-1.2077-6861.11>*

РАЗВИТИЕ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ У СТУДЕНТОВ В РЕЗУЛЬТАТЕ ИЗУЧЕНИЯ ЗООЛОГИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

Аннотация

Проблема развития научного потенциала высшей школы, путем совершенствования организации научно-исследовательской деятельности студентов в вузах России и Казахстана, не теряет своей актуальности. Содержание педагогической деятельности включает проведение научных исследований разных направлений, что рассматривается не просто как право педагога, а прежде всего, как его профессиональная обязанность. Для студентов биологических специальностей педагогических университетов одной из базовых дисциплин, в процессе обучения которой возможно приобщение студентов к исследовательской деятельности с первого курса, служит зоология. В условиях степей и полупустынь Казахстана, где доминируют мелкие млекопитающие и, связанные с ними экто-и эндопаразитические животные, особую актуальность приобретают зоологические исследования в области паразитологии. До недавнего времени развитию паразитологии в Казахстане уделялось огромное значение. Сегодня в силу целого ряда причин спектр исследований в этом направлении суще-